

«Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Кұдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 6 наурыз 2014 жыл, Астана
2. «Егемен Қазақстан» газеті, 26 ақпан 2014 жыл, Астана
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев — Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
4. Н.А.Назарбаев «10 лет. Ассамблея народов Казахстана» А, 2005.
5. Ұлы дала елі, №7,15.10.2015

### **Бірліктің бастауы, елдіктің негізі- Мәңгілік Ел**

Кентбек С.Қ. т.ғ.к., доцент

Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының доценті,

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

[kentbek59@mail.ru](mailto:kentbek59@mail.ru)

Ұрпақтан-ұрпаққа негіз болатын, Ұлы даланың көшіндегі бабалардан қалған аманат - ел тағдырын ойла, ал бірлігің болса, ынтымақтастықта жүрсең, үлкенге құрмет жасап, кішіге қамқор болсаң сайын даладағы тыныштығың да, ұрпағыңның тамыры да тереңге жететіні хақ деп тәлім берді.

Елдің бірлігін сақтау туған өлке, жерді, ата-мекенді қорғау әр ғасырдың, әр кезеңнің ұл-қыздарының басты мақсат-мүддесі және парызы болғандығы белгілі. Олай болса, елдік пен бірліктің, татулық пен ынтымақтастықтың көкейкесті мәселелері егемен, тәуелсіз еліміз Қазақстанның алдында да тұрғаны баршаға аян.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы өзінің Қазақстан халқына дәстүрлі «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол- Мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы-Мәңгілік Ел», - деп баса назар аударып, барша әлемге паш етті[1].

Осылайша, Қазақстан халқына арналған Жолдау көпұлтты Қазақстан халқын ұлы мақсаттар мен биік шыңдарға асқақтататын мемлекетіміздің негізі – ұлттық идея жарияланды.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық идея ол еңалдымен өзінің ұлттық тұтастығын айқын түсінуге негізделеді. Ұлттық идея қоғамның өз ішінде пісіп-жетіледі. Онда сырттан таңылғын сипат болмайды. Ұлттық идеяны қалыптастыруымыз өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болмақ», -деп тұжырымдады[2,255б.].

«Мәңгілік Ел» идеясы Ұлы Даланы мекен еткен бабалардың асқақ арманы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген аманаты. Ал, оның іске асуына еліміздің Тәуелсіздігі арқау болғандығы

айдан анық. Тәуелсіздіктің негізгі басты тірегі сол мемлекеттің ішіндегі тұрақтылық. Халқының бірлігі бар, ынтымағы жарасқан елде тұрақтылықтың сақталатыны, баянды түрде дамуы болатындығы белгілі. Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы Тәуелсіздікке қол жеткізу арқылы өскелең ұрпақ Отанымыз Қазақстанды көркейтудің тарихи мүмкіндігіне ие болуда. «Мәңгілік Ел» еліміздің әр азаматының Отанға деген патриоттық сезімін, мақтанышын арттырады, үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Ұлттық - мемлекеттік идеологияның қоғамның барлық мүшелерін, әсіресе әр түрлі әлеуметтік – этникалық және саяси топтарды біріктіруде, билік пен халықты бір-біріне жақындастыруда маңызы айрықша болды. Ұлы тарихымыз көрсеткендей, қандай идеологиялық жүйе болмасын ол біртұтас болған жағдайда ғана қоғам өз тұтастығын сақтайды деп ғалымдар өз еңбектерінде жүйелі түрде зерделейді[3,274б.].

«Мәңгілік Ел» -туған өлке мен халқына, әлем өркениетіндегі өзіндік ерекше орны бар Қазақстан деп аталатын Отанына деген сүйіспеншілігі, оның асқақтай дамуына, өркендеуіне бар күш-жігерін, қайратын жұмсайтын әр азаматтың қасиетті борышы. Міне, осы мәселелерге сай өскелең ұрпақты, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу негізгі басымдылық болып табылады. Себебі, болашақ ұрпақтың алында өте маңызды, жауапкершілігі мол міндеттер тұр- ол еліміздің Тәуелсіздігін баянды ету, халқымыздың береке-бірлігін, тарихи, мәдени және рухани құндылықтарын дамыту, сонымен қатар, әр кезеңде, әр дәуірде болашақ ұрпаққа табыстай отырып жеткізу. Барлық қазақстандықтардың рухани құндылығынан туындаған ұлттаралық келісім, ел бірлігі мен ынтымақтастық, ұлттық құндылық, саяси тұрақтылық пен бейбітшілік ұстанымдары нығая түсуде.

Қазақстан халқының қалыптасуының өзіне тән тарихи ерекшелігі – халықтар арасындағы өзара түсінушілікпен, тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне деген құрметпен негізделеді. Барлық этникалық топтар мен ұлттарды Біртұтас көпұлтты Қазақстан халқын біріктіру жолындағы қажырлы еңбек пен саликалы саясат Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың – этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы екендігін барша әлемге танытты.

Басты құндылығымыз ол Тәуелсіздігіміз бен мемлекеттігіміз қалыптасты және тұрақтанды. Басты табыс пен жетістігіміз, ол қарама-қайшылыққа жол берілмеді, көпұлтты қоғамымызда тыныштық пен бірлік орнықты, барлық қоғамдық және саяси қозғалыстар ортақ мүддеге жұмылдырылды. Бірлігі жарасқан, бейбітшілікті ту етіп ұстаған Қазақстан Республикасы халықаралық аренада еліміздің мәртебесін асқақтататын, халықтардың ізгі ниетіне бөленген көптеген тарихи іс-шаралардың бастамашысы болғандығы мәлім.

Көпұлтты, көпконфессиялы Қазақстан халқы өзінің мәдени және рухани тұрғыдағы құндылықтарын дамытуға кірісті. «Мәңгілік Ел» идеясынан нәр ала отырып халқымыздың дәстүрі, дәстүрлі дүниетанымы жандана түсті. Ел тарихындағы тұрақтылықтың тағы бір өзектілігі, ол халқымыздың дәстүрлі дүниетанымы мен толеранттығы. Дінаралық келісім, татулық пен ізгілік баршаға ортақ адамзат құндылықтарын насихаттап, ынтымағы жарасқан халықтардың өсіп-өркендеуіне ерекше ықпал етеді. Қазақстан халқын біріктіретін ерекше жағдай тіл мен мәдениетке, ұлттық болмысқа, құндылықтарға құрметпен қарау.

Қазіргі таңда жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу Қазақстанның болашақ даму басымдықтарының негізгі тиянағы болып табылады. Патриотизм бірден-бір тарихи оптимизмнің көзі деп саналатын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен байланысты. «Мәңгілік Ел» - халық үшін ұлттық тарихтың, ата-баба тегінің қазыналы тереңдігін байыптайтын ынта. Бұл Мәңгілік Елдің Ұлы Даласы мен Ұлы Отанының көрінісі[4].

Мәңгілік Ел- патриоттық актісінің негізі мен қайнар көзіне тоқталсақ, ол жеті тұғырмен айқындалады:

Біріншіден, ол еліміздің Тәуелсіздігі мен асқақ Астанамыз. Екіншіден – жалпыұлттық бірлігіміз, бейбітшілік пен келісім. Үшіншіден – зайырлы мемлекет және жоғары руханият. Төртіншіден – инновация негізіндегі экономикалық тұрғыдағы өсім. Бесіншіден – қажырлы еңбектің негізіндегі Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Алтыншыдан, бұл – тарихтың, мәдениет

пен тілдің ортақтығы. Жетіншіден, ол – мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігі мен еліміздің бүкіләлемдік және өңірге байланысты мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

Осылайша, Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымақтастығы, ұлттық жаңғыруы және биік мақсаттары ең қастерлі құндылықтармен айқындалды. Еліміздің барша халқын азаматтық жауапкершілікке негіздейтін, Жаңа Қазақстандық Патриотизмге тәрбиелейтін, ол «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары.

«Мәңгілік Елдің» жеті құндылығы халқымыздың ұлы арманы Тәуелсіздікті сақтау мен нығайтуға, ортақ мүдде мен мақсаттан туындайтын бейбітшілік пен қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірліктің үлгісін қамтамасыз етудің негізі болмақ.

Отанымыздың Көк байрағын асқақтата көтеруге, Қазақстандық арманға қол жеткізуге, еліміздің – Қазақстан Республикасының одан әрі өркендеуіне жаңа мүмкіндіктер ашатын «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін жүзеге асыруға барынша белсене қатысуға шақыратын, Парламент Мәжілісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының 2016 жылғы 27 сәуірдегі «Көк байрақты асқақтата көтерейік» атты Үндеуі барша қазақстандықтарды ортақ іске жұмылдыруда.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік негізіндегі мемлекеттік саясат зерделене отырып, 2015 жылы «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамудың тұжырымдамасы» және «Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» бекітілді. Тұғыры биік, бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан Қазақстан халқының құндылығын қалыптастыруда Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихи ролі ерекше. «Мәңгілік Елдің» идеясын, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелерін зерделеу жолында жоғары оқу орындарындағы Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары, еліміздің барлық өңірлеріндегі Ассамблеяның ғылыми сарапшылық топтары ғылыми және біліми тұрғыдан ортақ істің елеулі іс-шараларын атқаруда.

Қазақстандық бірегейлік Болашағы Біртұтас Ұлтты қалыптастырудың негізі, ол Мәңгілік елдің басты құндылықтары болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Е.Л.Тоғжанов «Егемен Қазақстан» газетіндегі өзінің «Мәңгілік Ел –Болашағы Біртұтас Ұлт» атты мақаласында «Болашағы Біртұтас Ұлт – ол жалпыға ортақ құндылықтар тұрғысында ұйысқан, тең құқыққа ие, елдің тағдырына қатысты, жауапкершілікті терең сезінетін әрі тең бөліскен Қазақстан халқы. Болашағы Біртұтас Ұлт өкілі ретінде әрбір азамат өзінің тағдыры мен болашағын Қазақстанмен байланыстырады. Қазақстан халқының жасампаз тарихы, бүгінгі береке-бірлігі мен болашаққа ортақ жауапкершілігі: «Біздің қасиетті Отанымыз - Тәуелсіз Қазақстан» деген қадірлі ұғымға саяды»-деп, жүйелі пікір білдіреді[5].

Еліміздің, көпұлтты халқымыздың мұраты – «Мәңгілік Ел» идеясының негізінде Қазақстанды әлемдегі ең озық 30 елдің қатарына енгізу мақсаты, «100 нақты қадам» Ұлт Жоспары мемлекетіміз бен қоғам дамуының кешенді құжаты болды, осыған сәйкес биік белестер мен асқақ асулар алда тұрғаны белгілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің дәстүрлі Жолдауында: «Қазақстан – жас, көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет! Біз тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық даму жолынан өттік. Алдағы 25 жылда бұдан да биік белестер тұр. Мемлекет құру жолында теңдессіз, мол тәжірибе жинап, жаңа кезеңге қадам басып отырмыз. Алдымызда қандай қиындықтар кездесе де, оларды еңсере алатынымызға сенімдімін. Біздің басты күшіміз – бірлікте. Қазақстанды кейінгі ұрпақ үшін бұдан да өсіп-өркендеген елге айналдырамыз!»-деп, Қазақстан халқын дамудың жаңа жарқын даңғылына жетеледі[6].

Өзінің даму жолын айқындаған, ынтымағы мен бейбітшілігі, береке-бірлігі жарасқан, халықаралық қатынаста беделі биік, әлем өркениетінде ерекше орны бар мемлекет атандық.

Олай болса, Қазақстандық барша халықтың ең қасиетті борышы, басты құндылығымыз - еліміздің Тәуелсіздігін баянды ету және оны нығайту жолында күш-жігермен үлес қосу, «Мәңгілік Ел» үшін қалтқысыз қызмет ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан. – 2014 жыл, 18қаңтар.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.-296 б.
3. Сыздықов С., Қанаев С., Жеңіс Ж. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық.-Астана: Фолиант, 2013.-320 б.
4. Сүлейменов Т. Қазақстандық арман және жастар. //Егемен Қазақстан.-2016 жыл, 11 ақпан.
5. Тоғжанов Е. Мәңгілік Ел – Болашағы Біртұтас Ұлт. //Егемен Қазақстан.-2016 жыл, 23 сәуір.
6. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан.- 2017 жыл 31 қаңтар.

### **Мангилик Ел – национальная идея Казахстана**

Козина В.В. д.и.н., профессор  
КарГУ им. Е.А. Букетова, г. Караганда  
[Lera2019@rambler.ru](mailto:Lera2019@rambler.ru)

С момента обретения независимости наша республика, как звезда в созвездии наций мира, совершила стремительный полет по уникальной заданной траектории, называемой Казахстанский путь.

Особое значение сегодня ей придает идея Мәңгілік Ел, которая на протяжении ряда лет претерпевала определенные изменения.

Впервые Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев публично апеллировал к этой идее в 2010 году во время торжественного собрания, посвященного Дню независимости Республики Казахстан. А уже через год у казахстанцев появился новый символ современной республики и триумфа казахстанского народа, реализовавшего многовековую мечту о суверенитете своей страны - триумфальная арка «Мәңгілік Ел».



Астана. Триумфальная монументальная арка «Мәңгілік Ел»

Президент озвучил национальную идею в своем Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства» в декабре 2012 года [1].